

Талдықорған Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1992 жылғы 22 маусымдағы N 541

Агроөнеркәсіп кешені саласында ғылыми зерттеулерді кеңейту, тереңдету және қолда бар ғылыми әлеуметті барынша толық пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Талдықорған облысы әкімінің Қазақ ғылыми-зерттеу жүгері институты мен Талдықорған облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы негізінде Талдықорған қаласында тәжірибе шаруашылығымен қоса Талдықорған ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын құру жөнінде Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қаржы министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми академиясымен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Аталған институтты құру Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми академиясы ғылыми-зерттеу жұмыстарына белгілеген қаржы және материалдық ресурстар, бюджет қаржылары, басқа да лимиттер мен нормативтер шегінде жүзеге асырылсын.

2. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми академиясының Президиумы екі ай мерзім ішінде жүгері селекциясы мен тұқым шаруашылығын одан әрі дамыту қажеттігін ескере отырып, Талдықорған ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметі мен

құрылымының негізгі бағыттарын белгілесін.

3. Талдықорған облысының әкімі мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми академиясы:

бір ай мерзім ішінде мемлекеттік мүлік жөніндегі облыстық комитетпен бірге институтты орналастыру мәселесін шешсін;

1993-1998 жылдары аталған институттың ғылыми-өндірістік объектілері мен тұрғын үй құрылысын салу қамтамасыз етеді;

1992 жылдан бастап шақырылған ғалымдарға тұрғын үй бөлуді көздесін.

4. Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің "Талдықорған (облыстық) ауыл шаруашылық тәжірибе станциясын құру туралы" 1968 жылғы 13 қыркүйектегі N 563 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК